



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

26.07.2023 № 2-01-23-59702

29.06.2023 ДС-265

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
Е.С. Бәпиге

«Каменский» мемлекеттік асыл тұқымды  
зауыты» РМҚК-нің жерлері бойынша

### Құрметті Ермұрат Сейітқазыұлы!

Бас прокуратура өз құзыреті шегінде «Каменский» мемлекеттік асыл тұқымды зауыты» РМҚК (бұдан әрі – РМҚК) жұмыскерлерінің жерді жоғалтуына қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

РМҚК-нің жерлеріне байланысты осы және басқа да төменде көрсетілген мәселелерді Бас прокуратура Алматы облысының Қарасай ауданына бара отырып зерделеген.

#### «Союз Тех Сервис» ЖШС-ның жерін заңсыз беру туралы

Ауданы 625 га (РМҚК-нің жер пайдалануында болған) жер учаскесіне құқық сот шешімдері негізінде «Союз Тех Сервис» ЖШС-ға (бұдан әрі – ЖШС, Серіктестік) өтті.

**Анықтама ретінде:** бірлескен қызмет туралы келісім шеңберінде РМҚК-да ЖШС алдында **101,5 млн** теңге мөлшерінде берешек қалыптасты.

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (бұдан әрі – МАЭС) 15.02.2006 жылғы шешімімен ЖШС-ның РМҚК-дан борыш сомасын өндіріп алу туралы талап қою қанағаттандырылды.

РМҚК-де қаражаттың болмауына байланысты Серіктестік сотқа сот шешімін орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы жүгінді.

МАЭС-тің 17.03.2006 жылғы ұйғарымымен РМҚК-ның жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне, оның ішінде ауданы 625 га жер учаскесіне өндіріп алу қолданылды.

Сол жылы әкімдік бұл учаскені Серіктестікке берді (жер көлемі 282,23 га, мемлекеттен 47 млн теңгеге жекеменшікке сатып алынды).

Сот актілерін және әкімдіктің Серіктестікке жер беру туралы шешімінің күшін жою шараларын қабылдау үшін құқықтық негіздер анықталмады.

#### РМҚК жұмыскерлеріне жер беруге кедергі жасау туралы

РМҚК жұмыскерлерінің жер алуға құқығы жоқ, өйткені кәсіпорын жекешелендірілмеген, 2006 жылы Алматы облысы әкімдігінің коммуналдық меншігіне беріліп, екі жылдан кейін жойылған.

Кәсіпорынның Жарғысы да учаскелерді беруге тыйым салған, мүлік бөлінбейтін болған және салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде кәсіпорын жұмыскерлері арасында бөлуге болмайтын болған.

Мемлекеттік органдардың РМҚК жұмыскерлерінің жер алуына кедергі жасау фактілері анықталған жоқ.

## **А. Жапашева мен Л. Жеңісбекованы негізсіз қылмыстық құдалау және қамауда ұстау туралы**

2022 жылғы 26 желтоқсанда жер учаскесінің меншік иесі А. Ашыновтың (оның жерге құқықтарын жүзеге асыруда кедергілер жасау туралы) арызы бойынша Қарасай аудандық Полиция басқармасы Қылмыстық кодекстің 389-бабының 3-бөлігімен (өзінше билік ету) Л. Жапашева мен А. Жеңісбековаға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады.

Бұдан басқа 2023 жылғы 3 мамырда С. Сачаваның (оның жер учаскесін заңсыз сату туралы) арызы бойынша осы адамдарға қатысты да Қылмыстық кодекстің 190-бабы 3-бөлігінің 3-тармағы (алаяқтық) бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Қылмыстық құдалауды тоқтату, саралануын және бұлтартпау шараласын өзгерту үшін негіздер анықталмаған, іс бойынша нақты тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беріліп, процестік прокурор тағайындалды.

### **Жердің нысаналы мақсатын заңсыз өзгерту және бөлшектеу туралы**

Тексеру барысында заңсыз бөлшектеу және жерлердің нысаналы мақсатын өзгерту фактілері анықталды.

**Анықтама ретінде:** «Союз Тех Сервис» ЖШС 2007 жылы жалпы ауданы 274,7 га ауыл шаруашылығы учаскелері «Gascon Capital» ЖШС-ға сатылды. 2020 жылғы наурызда «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ электрондық сауда-саттық арқылы осы учаскелерді (67,2 га; 69,3 га; 68,9 га; 69,3 га) үшінші тұлғаларға сатқан.

Кейін жаңа иелер жерді **1513** жеке учаскеге бөліп, сондай-ақ олардың нысаналы мақсатын жеке қосалқы шаруашылыққа өзгертті.

Мәселен, Жаңатұрмыс ауылының бас жоспарына сәйкес даулы жерлер жоспарланған балабақша мен жасыл желектер аумағында орналасқан.

Сондықтан учаскелердің нысаналы мақсатын өзгерту және бөлу Жер кодекстің 44 және 109-баптарының талаптарын бұза отырып жүргізілген (елді мекендердің жерлері олардың бас жоспарларына сәйкес пайдаланылуы тиіс).

Осы бұзушылықтарды ескеріп, Қарасай ауданының прокуратурасы 2022 жылғы 17 маусымда Алматы облысының Жер ресурстарын басқару департаментіне (бұдан әрі – ЖРБД) қадағалау актісін енгізді (талап қою жұмысы жүргізілуде).

**Анықтама ретінде:** прокуратура актісі бойынша ЖРБД сотқа барлық учаскелердің нысаналы мақсатын өзгерту туралы әкімдік өкімдерінің күшін жою туралы 4 талап қою берді.

11.04.2023 жылы Қарасай аудандық соты ЖРБД-ның ауданы 67,2 га жер учаскесі бойынша талап қоюын қанағаттандырды (апелляция сатысында), қалған талап қоюлар қаралуда.

Сонымен бірге 2022 жылғы 27 шілдеде Алматы облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті (аудан прокуратурасының АЕК бойынша) жердің нысаналы мақсатын заңсыз өзгерту фактісі бойынша Қарасай ауданы әкімдігінің лауазымды адамдарына қатысты Қылмыстық кодекстің 361-бабы 4-бөлігінің 3-тармағы (лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады (іс жүргізуде).

Осы қылмыстық іс шеңберінде олигополия өкілдерімен үлестес тұлғаларға РМҚК-нің жерлерін беру туралы ақпарат тексерілетін болады.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және бақылауда.

**Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының м.а.**

**Т. Тәшімбаев**